

ISSN 1563-0223
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

ФИЛОЛОГИЯ
СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

АЛМАТЫ

№4-5 (128-129)

2010



3. Ержанова

НОМИНАТИВТІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ «ӨНЕР» КОНЦЕПТИСІНІҢ КӨРІНІСІ

Өнер сөзі қазақ тілінде мынадай мағыналарда қолданылады; 1. Бір шаруаны ұқсатып жасау қабілеті, шеберлік, іскерлік. 2. Шындық өмірді шығармашылық жолмен, көркм образдар арқылы суреттейтін көркемөнердегі жанр. 3. ауыс. Кәсіп, қарекет [1, 654].

Мәдениеттануда өнер сөзі тар және кең мағынасында қолданылады. Тар мағынасында алғанда өнер деп көркем шығармашылық процесін және оның әртүрлі бітімдерін айтады. Өнердің қазақ мәдениетіндегі алғашқы жүйелерін, түрлерін көрсеткен Жүсіпбек Аймауытов: “Атам заманғы табылған өнер, білімнің бәрі сөз арқылы бұл күнге жетіп, піскен астай даяр болып, жемісін бүкіл адам баласы пайдаланып отыр”, - деп жазады. Зерттеушілер өнерді беске бөледі: 1. Сөз өнері. 2. Суретшілік өнері. Мүсіншілік өнері. 4. Үй ішілік (сәулет, үй, сарай, көпір салу сияқты өнер) 5. Музыка өнері [2, 316].

Осы өнер түрлерінің ішінде ең артық бағаланатыны – сөз өнері. Өйткені жоғарыда аталған өнер түрлерінің бәрін сөзбен суреттеп айтуға болады. Сондықтан да қазақ мақалында “Өнер алды – қызыл тіл” деп тұжырымдалады.

Өнер атауы кең мағынасында кез келген адамның шығармашылық әрекетінің баламасы ретінде де жұмсалады. Бұл мағына “шеберлік”, “жасампаздық”, “іскерлік”, “таланттылық” және жалпы “мәдениеттілік” ұғымдарымен сабақтасып жатады. Қазақтың қолөнері, зерттеушілердің көрсетуінше, үй ішілік кәсібі негізінде дамыған. Мәдениеттанымдық жағынан қарастырғанда табиғи емес, қолдан жасалған нәрселер артефактілер деп аталады. Артефактілер – мәдениеттің жемісі. Мәдениеттануда артефактілер ретінде тек денелік белгілер емес, сонымен бірге таңбалық, символдық мазмұны бар кез келген жасанды нәрсе қарастырыла алады. Мәдени артефактілерге адам қолынан шыққан заттар, бұйымдар, еңбек құралдары, киім-кешек, тұрмыстық жабдықтар, тұрғын үй, сонымен бірге қоғам өмірінің құбылыстары – наным-сенім, өнер, моральдық қағидалар т.б. жатады. Халықтың шығармашылық рухынан туған дүниелер, өнер – мәдениеттің алтын қазынасы.

Тарихи тұрғыдан алғанда қолөнер лексикасы байырғы аңшылық, малшылық, егіншілік сияқты шаруашылық түрлерімен байланысты қалыптасқан кәсіби лексикамен тығыз байланысты. Себебі қолөнері сол шаруашылықтарды құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге, адамдардың тұрмыстық қажетін өтеуге байланысты қалыптасты. Қолөнері де кәсіпке жатады. Өйткені екуіне де ортақ нәрсе: еңбектің қандай да бір түріне бейімделу, машықтану, белгілі бір істің маманы болу. Осыған байланысты тарихи-этнографиялық әдебиеттерде, мәдениеттануға қатысты еңбектерде *кәсіп, қолөнер кәсібі, зергерлік кәсіп, тоқымашылық ісі, ағаш шеберлігі яки ағаш*

өңдеуді кәсіп ету, қолөнеріне байланысты кәсіпшілік, қол еңбегі кәсіпшілігі, үй ішілік кәсіп тәрізді атаулар, сөз тіркестері ұзақ уақыттар бойы осылай түрліше қолданылып, соңғы кездерде бұлардың басын жинақтап көрсететін қолөнер деген термин, ал оның түрлері немен айналысатынына қарай үй ішілік өнері, ұсталық өнері, тігіншілік өнері, зергерлік өнері, ершілік өнері, тоқымашылық өнері т.б. түрінде өнер сөзімен тіркесіп айтылатын болды. Этнографиялық еңбектерде басқа кәсіп түрлерінен қолөнерінің бір ерекшелігі ретінде оның белгілі бір шикізатты (материалды) өңдеуге байланысты қалыптасатындығы, өңдеу тәсілдерінің қарадүрсін емес, шығармашылықпен орындалатындығы, соның нәтижесінде көркем, мықты, сапалы т.б. қасиеттерімен ерекшеленетін бұйымдардың дүниеге келетіндігі, қолөнер бұйымдарының эстетикалық, әлеуметтік жіктеу, қоғамдық қатынастарды реттеу қызметін атқарып, сондай қызметтерді атқарудың заттық құралы болғандығы айтылады. Осындай белгілеріне қарай тұжырымдай айтқанда қолөнері – ерте замандардан қол еңбегінің негізінде шығармашылықпен қалыптасқан, рухани мәдениетпен тығыз байланысты материалдық, мәдени мұра [3,138-139].

Жинақталған материалдар “өнер” концептісі, “еп, икем”, “жұмыс”, “іс”, “өткір”, “өңдеу”, “мөлшер”, “біркелкі”, “қоспасыз, таза”, “металл”, “қару”, “жаңа”, “әшекейлеу”, “шебер”, “құрал”, “бұйым”, “бейімделу, мамандану”, “киім” т.б. сан алуан ұғымдарды қамтиды.

Тіл - тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі, өйткені мәдениет таңба, белгіден тысқары, яғни тілден тысқары өмір сүре алмайды. Адамды түгелдей дерлік таңбалық әлем қоршаған, өйткені адам болмысының өзі таңбалық, тілдік болмыс. Адам бір мезгілде таңбаны тудырушы да, оны талдаушы да. Міне, қысқаша тоқтала кететін болсақ, қазіргі замандағы тіл, таңба мәселесіне және оның мәдениеттегі орнына деген көзқарастар осындай. Тіл – тек денотативті (белгілі, сигналдық) коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге коннотативті (белгілі, әлеуметтік – мәдени, идеологиялық мәні бар) құрал. Тілде әр халықтың тарихы, оның өмірі, тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениеті жатыр. [2, 47]. Бұл айтылғандардың барлығының қолөнерге тікелей қатысы бар. Оны төмендегі мәдени, тілдік ақпараттардан табамыз.

Етек-жеңі түргіт – пысық, жұмысына епті адам. *Екі жапсақ, бір епсек* – бір мезгілде екі жұмысты қатар орындау. Бұл фраза халық тілінде “бір оқпен екі қоян алу” деген мағынада қолданылады. Қолөнерінде *жапсақ* – іс, жұмыс. Олай болса тұрақты тіркес шебердің епті қимылына

байланысты айтылып, “епті қимылдаудың аркасында екі жұмысты бірден бітірді” дегенді аңғартады. *Қолының епсегі бар* – жұмысты, істі орындауға икемі бар. Бұл тіркес “қолының еп-себі бар” тұлғасында да кездеседі. *Егеулі найза* – өткір найза.

Дем берді – металды балқыту үшін шокты қыздырды. *Дем беру* – тура мағынасында “жел беру” деген сөз. Ауыспалы мағынасында “демеп, күш-қуат берді, сүйемелдеді, жігерлендірді” дегенді аңғартады, татындығы мәлім. Мысалы: - Аламанға дем берген, Аса жұртты меңгерген (Батырлар жыры) (*Аламан-көпшілік*; шапқыншы қол; жортуылшы топ; *аса жұрт* - өз жұрты, туысқан елі. Сонда бұл тіркес “шапқыншы қолды, жортуылға шыққандарды жігерлендірді” деген ұғымды аңғартады). *Дем тарту* – кесетін, шабатын құралдар мен қару-жарақты төске таптап, жалпайтып жүзін шығару, егеумен егеп жүзін шығару. Ұсталық өнерінде қолданылатын бұл сөз “өткірлену” мағынасында Махамбет өлеңдерінде, ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған. Мысалы: - Қарқыны күшкі көк семсер, Шапқан сайын *дем тартар*. Сусыным қанға қанар деп (Махамбет. Ереуіл атқа ер салмай, 1974, 30-б.) [4, 24]. *Дүр екенсің* – шебер адамға қарата айтылады. *Дүр* – арабтың “асыл”, “маржан”, “гауһар” мағынасын білдіретін сөзі.

Аталған фразеологизмге байланысты академик Р.Сыздық: “Дем тарту тіркесінің мағынасы бұл күнде күңгірт, сондықтан да кейбір жерлерде ол *дом тартар* деп басылған. Бұл фразеологизм, сірә, парсының *дем* сөзінің қатысуымен жасалған болуы керек. Бұл сөздің парсы тілінде бірнеше мағынасы бар: казак тіліне енген *дем* (“ауа жұту”) дегеннен басқа және бір мағынасы қылыш, оқ, қайшы, семсер сияқты құралдардың өткір жүзі, ұшы дегенге саяды. Осыдан барып *дем тарту* тіркесі “өткірлене түсу” деген ауыспалы мәнге ие болуы мүмкін”, - деп жазады. [5, 53].

Жасыған жездей - өте жұмсақ (иленген тері туралы). *Жетім қазан* – тозығы жеткен, ескі қазан. Жетім қазанға тарыдан басқа еш нәрсе қайнатпайды. *Жетім сағанақ* – керегенің бір бөлігі. *Жетім ұлтан* – ұлтаны тесілген аяқ киімге екінші рет қағылатын ұлтан, шолақ ұлтан. Жетімді ұлтанды етікті атқа шапқанда аяқты үзеңгіден алуға бөгет болады деп кимеген, ат жарысында сый табан етік киген. *Жорға табақ* – ет салатын табақ.

Кәсібіне бару – жұмысына бару. Кәсіпке қосылу – жұмысқа тұру. *Кәсіп сауу* – кәсіппен айналысу, жұмыс істеу. *Кереге там* – бейіт үстіне тұрғызылған төрт қабырғалы құрылыс. *Кестесі келісу* – істеген істің орайы келу, орындалу. *Көк ине* – іске шорқақ, олақ. *Көрік басты* – жұмыс істеді, іс соқты.

Қайрауы жеткен - әбден өткірленген, шындалып, бабына келген. *Бір қалыпқа салды* – бір үлгімен құйып жасады. *Бір қалыптан шыққандай* – бұйым бөліктерінің (тұтас бұйымдардың) біркелкі үлгіде жасалуы. *Қалып алды* – жұмысты орындауға төселді, дағдыланды. *Қарқ алтын* – таза алтын. – Соңғыда да сауға бар *Қарқ алтында* малынтып, Қарлығамды алады (М.Әуезов, Шығармалар жи-

нағы). *Қарқ болады* – аса сапалы болат. Қарқ – қырғыз тілінде “саф”, “таза”, “нағыз” дегенді білдіреді. [6,351]. Араб тілінде *қарқ* “жеткілікті болу”. *Қой боғындай қарқ* “молшылық” тықтың оғы. *Қылауына қыл түспеген* – мыс түр, өткір, жап-жаңа. *Қылау* – қылыш, пышақ, балта сияқты құралдардың жүзіндегі егеуден кейін қалған ұсақ бүршіктер, ұлпа. Егелген құралдың жүзіндегі қылауды былғарыға, қайысқа жанып кетіреді, олай етпегенде құралдың жүзі қылпып тұрмайды. *Қылау түспеген* – жап-жаңа, судай жаңа. *Қылыштың жүзіндегі* – өткір, жүзі (мәселен, балтаның) қылпып тұр. *Қолдан келген өнерді шашу* – бар мүмкіндігін көрсету, жанын сала істеу. *Сары алтын* – қоспалы таза алтын. *Суын алу* – металды шынықтыру. *Суын табу* – металды шынықтыру тәсілін меңгеру. – Болаттың *суын тапқан* данышпаным (Қ.Өмірәліев, Қазак поэзиясының жанры мен стилі, 1983, 73-б.). Бұл тіркестер ұсталардың металды *суару* деп аталатын тәсілімен байланысты. *Суару* – шабатын кесетін, түйрейдін құралдардың материалын (темірді) алма – кезек отқа қыздырып, суға батырып, т.б. сұйықтықтарды қолдана отырып шынықтыру, беріктігін арттыру. *Суы қайту* – темір аспаптардың жүзінің жапырылып, жасып қалуы.

Сіркесін кең қондыра алмау – істің ретін, ыңғайын таппай қиналу. *Сірке қондыру* деп зат бетіне бүршік қондырып, әшекейлеуді айтады.

Темірге тіл, жаңқаға жан бітіретін - өте шебер, бармағынан бал тамған, қолынан келмейтін жок. *Темірден түйме түйеді* – ұста, асқан шебер.

Іс соқты – жұмыс істеді. – Бір қарт ұста күні-түні тынбай *іс соғып* отырады екен (Ы.Алтынсарин). *Істен шыққан* – тозған, ескірген бұйым, құрал-сайман туралы.

Қиюын келтіру – бөлшектерді қиюластыру, құрастыру. *Қию* – 1) тұс киіздің шетіне жүргізілетін жиек. 2) тонның сыртқы жиектеріне, жауырынына салынатын барқыт мата.

Қобыздан жасау – ыдысты өрнектеп жасау. Қазақта шидің өрнектеп, оралған тілін *қобыз тіл* деп атайды. Олай болса, *қобыздау* сөзі жеке тұрып “өрнектеу, “ою-өрнек салу”, “әшекейлеу” мағынасын білдіреді. *Қыдырған уық* – қатты жел болғанда киіз үй уықтарының қаламдықтан шығып қалып қисаюуы уықтың қисайыңқырауы. *Қой қазан* – қой еті сипып кететін қазан. Қазанның ұсталар жасаған *жетім қазан, тай қазан, қой қазан, түйе қазан, шүлен қазан* деп аталатын түрлері болған. *Қол білгі адам* – қолынан келетін, істің жөнін білетін адам (фразеологизм техникасыз, қолмен істеуге байланысты айтылған). *Қол қамшы* – ат қамшы, салт аттының қамшысы. *Қол қауза* – жазғұтырым судың иірімді жеріне ұстап, балық аулайтын құрал (*қауза* деп әдетте, құдықтан су алатын құралды айтады). *Қол сандық* - кішкене сандық. Жергілікті тіл ерекшеліктері ретінде қолданылатын мұндай номинативті фразеологизмдермен (атауыштық мәнде жұмсалатын тіркестер) бірге мынадай фразеологизмдер де кездеседі: *қолы бармау* - қолынан келмеу, бір нәрсені дұрыс істей алмау. – Байғұстың киіз жиектеуге

де қолы бармағаны ғой, тіпті, ірікпей тігіпті (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 420-б.).

Қолы қану – қолы үйрену. *Қолының ұшында жасау* – оп-онай жасай салу, киналмай істеп алу. *Қолы түсіну* – қолы үйрену. *Қызыл қазан* – мосыға асатын кішкене қазан. *Қырық жүн* – нашар, кір жүн. *Мая жүн* – шекпен, т.б. осындай жауын-шашынға киетін киім (бұл түйе жүнінен тоқылуына орай осылай аталған).

Мүлік болмай қалу – түкке алғысыз болып қалу, қолдануға жарамайтын болу. *Төре төсек* – кереуеттің үстіне киізді қабаттап, оның үстіне барқытпен қаптап салған төсек. Төре төсек сыйлы адамдарға арналады.

Тесе болу – құрал жүзінің мұқалып, өтпей қалуы. *Тесе* – халық тілінде жер қазатын кетпеннен кішілеу, шот сияқты құрал. *Уық қыдырып кетті* – уық қисайып кетті. *Ұрғашы алтын* – саф алтын, таза алтын. *Ұрғашы күміс* – жұмсақ, ақ күміс. Қазақ шеберлерінің тілінде осы сияқты *еркек жіп, ұрғашы жіп, еркек күміс, ұрғашы күміс, еркек алтын, ұрғашы алтын* деп бейнелеп айту жиі кездеседі [7, 217].

Шер болат – таза болат, асыл болат. *Түйе табан* – үлкен ожау.

Ши алтын – таза алтын, саф алтын. Сол сияқты шеберлер жібектің түрін *ши жібек* деп те ажыратқан. – Ши жібекке бөленген, Ши алтыннан медаль тағынған, Алты қара нар жегіп, Патшаның келді қасынан (Жанұзақ жырау). *Шелек қап* – алашадан жасалған қап. *Үш аяқ* – 1) бауырсақ пісіретін үш аяқты (үш аяққа орнатылған қазан). 2) шайдың шоғын салатын ыдыс.

Өре текемет – текеметтің ішіндегі ең үлкені. Жүнінің молдығына байланысты ұзын және енді етіп

басылған ою-өрнекті төсеніш (*өре*- 1) құр жаю үшін жасалған ағаш. 2) ау торының бойы, торының ұзындығы). *Ойран шалбар* – киіктің терісінен кең етіп тіккен шалбар. Аймақтық лексикада сұйқылттау қызылды *ойран қызыл* дейді. Біздің ойымызша, шалбардың бейнелі атауы киіктің терісінің түсіне орай қалыптасса керек. *Нар шынжыр* – мықты, үзілмейтін шынжыр. *Өнерің істесін* – өнерің тасысын. *Өнері тасыды* – асқан шеберлік көрсетті, шеберлігін танытты.

Қорыта айтқанда, жоғарыдағы фразеологизмдердің бойынан тілдің қарым-қатынас құралы ғана емес, ол сонымен қатар, адам болмысының, қоғам мәдениетінің көрінісі екендігі анық байқалады. Басқаша айтқанда, қазақ халқының тарихы мен өмір тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениетіне қатысты мәдени деректер фразеология жүйесінде ғасырлар бойы сақталып, бүгінгі күнге жетіп отыр.

1. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: “Дайк - Пресс”, 2008. – 968-б.

2. Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану. – Алматы: “Қаржы-қаражат”, 2003. – 408 – б.

3. Шойбеков Р.Н. Қазақ тілінің қолөнер лексикасы. Фил.ғыл.док. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2006.-307-б.

4. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. – Алматы: “Ғылым”, 1991. – 89-б.

5. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: “Мектеп”, 1980. – 126-б.

6. Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. – М: 1965. – 973-б.

7. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: “Қазақстан”, 1969. – 248-б.

В статье рассматриваются вопросы казахской фразеологии. На материале декоративно-прикладного искусства характеризуется концепт «искусство».

А. Х. Ерімбетова

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҮБІРДІҢ ФОНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫ

Бүкіл адамзат болмысының қалыптасуы қаншалықты күрделі де ұзақ даму жолынан өтсе, онымен бірге біте қайнаса дамитын тілінің қалыптасуы да соншалықты күрделі тарихты басынан кешіреді. Тілдің негізін қалаушы ең кішкентай бөлшегі болып табылатын әрбір дыбыс та ұзаққа созылған тарихи дамудың жемісі. Даму барысында дыбыстар жаңа сапаға ие болуының нәтижесінде өзгерістерге түседі. Ал бұл процесс халықтың өмірімен тығыз бірлікте жүріп отырады да, өз кезегінде әр халықтың лексикалық қорының дамуына тікелей әсер етеді. Фонологиялық жүйенің құрылу механизмінің күрделілігінен және даму процесінің өте ұзақ мерзімді қамтитындығынан дыбыс сәйкестіктерінің негізгі себебін анықтау да қиын мәселе болып табылады.

Кез келген халық өзінің бар болмысын тілінде сақтап, тіршілігіндегі өзгерістерін тілі арқылы жеткізіп отырған. Осындай халық тарихымен тығыз байланысты тіл сол халық туралы барлық ақпараттарды жинақтай отырып, өзіндік ішкі даму заңдылықтарымен дамиды. Бұл ішкі даму заңдылықтары тілдің барлық қатпарларын қамтиды. Дыбыстардың тарихи өзгерістері фонетикалық заңдылықтарын, ал грамматикалық формалар арқылы тілдің дамуы оның грамматикалық заңдылықтарын қамтиды. Дегенмен тілдегі кез келген заңдылықтарды сол тілді иемденуші халықтың тарихымен тікелей байланыстырып шешу мүмкін емес. Тіл үнемі өзгеріп, дамып, жетіліп отыратын тарихи категория. Қалыптасу процесі өздігінен жүрмейді, сыртқы